КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 тамыз №7119-23-00-2/8933іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Г.Жаксыбаев.,
сот отырысының хатшысы Е.Қ.Бөріхан,
ашық сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Гальцова Анастасия Юрьевна» жеке кәсіпкер

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.С.Бекмуханов,
жауапкердің өкілі Р.В.Литвинец,
аудармашы Б.А.Ахметова;

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - РМК) мен «Гальцова Анастасия Юрьевна» жеке кәсіпкер (бұдан әрі- ЖК) арасында қолданылу мерзімі 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін мемлекеттік сатып алу туралы №759 шарт (бұдан әрі - шарт) жасалған.

Шарттың талаптарына сай ЖК орындаушы ретінде 2023 жылғы 16 маусымға дейін бағасы 193 760 теңге тұратын тауар – 1 дана электрлік жылу көзімен жылулықты жеткізуге, ал РМК тапсырыс беруші ретінде тауарды қабылдауға және сол үшін төлем жүргізуге міндеттенген (шарттың тармақтары, шартқа қосымшалар).

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Бұл ретте ЖШС шарттық міндеттемелерді бұзған және белгіленген мерзімде техникалық ерекшелікке толық сәйкес тауарды тапсырыс берушіге жеткізбеген.

Осыған орай, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап арызға берілген пікірде көрсетілген негіздер бойынша талап қоюды мойындамай, ЖК-ді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танудан бас тартуды сұрады.

Тараптардың өкілдерін тыңдап, азаматтық істің материалдарын зерттеп, сот келесі тұжырымға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Жасалған шарттың негізінде тауар жеткізу мәселелері Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 458-бабымен реттеледі.

Азаматтық істің материалдарынан анықталғандай, жасалған шарттың негізінде тараптар шарттың талаптарына сәйкес орындалуға жататын міндеттемелер қабылдаған.

Бұл ретте, тауардың атауы, оның техникалық сипаттамалары мен құны, тауар жеткізу мерзімдері мен қабылдау тәртібі, сол үшін төлем жүргізу тәртібі шартта және оған қосымшаларда жазылған.

Алайда, ЖК шарттың талаптарын бұзған және белгіленген мерзімде техникалық құжаттамаға толық сәйкес тауарды жеткізбеген, бұл тапсырыс беруші үшін белгілі бір теріс салдарлардың туындауына әкеп соққан.

Бұл ретте, РМК-ның бастамасымен ЖК-мен жасалған біржақты тәртіпте шарт бұзылған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі - Заң) 43-бабының 23-тармағына сай тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сот РМК-ның талап арызын қарағанда шарт талаптарының және техникалық өзіндік ерекшеліктің дәл орындалуы қажет екені туралы шарттың ережелерін ескереді.

АПК-нің 72-73-баптарына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге тиіс. Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар дәлелдемелерді ұсынады. Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 30.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2023, судья Смаилов А. Д., 03.10.2023

7119-23-3-6/659

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы тарапының тауар уақтылы және іс жүзінде ұсынудың маңыздылығына сілтеме жасағанын сот орынды деп санайды.

Бұл мән-жайлар ЖК-дің шарттық міндеттемелерді тиісінше орындауға қатысты 272, 273-баптарының талаптарын бұзғанын көрсетеді және сәйкесінше оның әрекеттерінде АК-нің 349-бабына сай шарттың талаптарын және Заңның ережелерін бұзу орын алған.

Осы баяндалған жауапкердің тарапынан шартты тиісінше орындауда жосықсыздық болғанын дәлелдейді. Бұл ретте орындаушының кінәсін теріске шығаратын дәлелдемелер тиісті көлемде сотқа ұсынылмады.

Ескеретін жайт, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану жауапкер үшін қызметті толық уақытша тоқтату түріндегі салдарларға әкеп соқпайды және тек мемлекеттік сатып алу саласында ғана белгілі бір шектеулерді қолдануды көздейді.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3-тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Дәлелдемелер мен іс мән-жайларының жиынтығына сүйеніп, талап қоюшы Заңның 12-бабының 4-тармағында белгіленген сотқа жүгіну мерзімін сақтағанын ескеріп, орындаушыны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіздердің толық тізбесі заңда көзделгенін назарға алып, сот талап қою заңды, негізді және қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді, себебі ЖК өзінің баға ұсынысын ұсына отырып, мемлекеттік сатып алуға қатысқан, бұл Заңның 38-бабының 4-тармағына сай орындаушының оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды жеткізуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Алайда, одан әрі шарт жасап, ЖК өзіне қабылдаған міндеттемені тиісінше орындамаған, сөйтіп АК-нің 272, 277-баптарының ережелерін бұзған.

Мұндай мән-жайларда, сот ЖК-ді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитетінің «Қазсушар» шаруашылық жүргізу

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 30.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2023, судья Смаилов А. Д., 03.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Гальцова Анастасия Юрьевна» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

«Гальцова Анастасия Юрьевна» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Гальцова Анастасия Юрьевна» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Г. Жаксыбаев

Құжатқа қол қойылған: Жаксыбаев А. Г., 30.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 03.10.2023, судья Смаилов А. Д., 03.10.2023

7119-23-3-6/659